

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде
Үкіметтік сағатта «Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігі қызметінің
негізгі бағыттары» тақырыбына
ТМРА төрағасы М.М. Оспановтың сөйлейтін сөзі
(Астана қаласы, 2012 жылғы 16 сәуір)**

Құрметті төрағалық етуші, құрметті депутаттар!

Бүгін Сіздерге Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі қызметінің негізгі бағыттары туралы ақпарат ұсынылады. Осы қызмет Мемлекет басшысы мен Үкімет қойған міндеттерге сәйкес және Парламент депутаттарының заңнамалық бастамаларды қолдауы арқасында жүзеге асырылып отыр.

(№ 1 слайд) Қазіргі кезде Агенттік 1103 табиғи монополия субъектісінің және 200-ден астам доминанттың қызметін реттейді.

(№ 2 слайд) Тарифтік саясаттағы стратегиялық бағыттар: реттелетін секторлардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, энергия сақтау мен ресурс сақтау міндеттерін шешу болып табылады.

Негізгі іс-шаралар мына слайдта көрсетілген.

Ал енді, құрметті депутаттар, толық баяндайын.

(№ 3 слайд) Реттелетін секторлардың инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша

Орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге **шекті тарифтерді** қолдану - тарифтік реттеудің озық құралы болып табылады. Бұл басым іс-шара.

Шекті тарифтерді қолданудағы негізгі артықшылықтың бірі тарифтердің тұрақтылығы мен болжамы, активтерді жаңартуға салынатын инвестициялардың өсуі болып отыр. Соның нәтижесінде көрсетілетін қызметтердің сапасы көтеріледі, тозу 65-75%-дан 2020 жылға қарай 45-55%-ға дейін төмендейді.

«Ақбұлақ» және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламаларына сәйкес реттелетін салаларды тарифтік табыс есебінен тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылығы объектілеріне **452 млрд. теңге**, сондай-ақ сумен жабдықтау және суды бұру объектілеріне **113 млрд. теңгеден** астам қаражат көлемінде инвестициялау жоспарланып отыр.

Қабылданған бағдарламаларды орындау үшін 2011 жылдың нәтижесі бойынша реттелетін салаларда тариф есебінен 36 млрд. теңге инвестицияланды.

(№ 4, 5 слайд) Шекті тарифтердің мүмкіндігін ескере отырып, Агенттік әзірлеген жоспар бойынша оларды барлық жерде енгізу ұсынылады, атап айтқанда:

1) табиғи монополия субъектісінің шекті тарифтермен жұмыс істеу міндетін заң деңгейінде белгілеу;

2) тарифтердің күрт өсуін болдырмау үшін активтердің тозуын ескере отырып, кезең-кезеңмен өзгерту;

3) мынадай ынталандыру шараларын енгізу, олар:

- тежеу факторын болдырмау үшін шекті тарифті жылдарға бөліп бекіту;

- тарифтік сметаның орындалуын бақылау және өтемдік тарифтерді шекті тарифтер қолданылатын кезеңде қолдану.

Ұсынылып отырған іс-шараларды жүзеге асыру үшін заңнамаға түзетулер енгізу қажет, сондықтан, құрметті депутаттар, Сіздер қолдайды деп сенеміз.

(№ 6 слайд) Инвестициялық тартымдылықты арттыратын келесі тиімді әдіс әлемдік практикада кеңінен қолданылып отырған салыстырмалы талдаудың (бенчмаркинг) жаңа тиімді әдісіне 2013 жылы көшу болып табылады.

Бенчмаркингтің артықшылығын атап өтсек:

- тарифтерді бекіту кезінде қызметтегі тиімділік дәрежені ескеру;
- субъект белгіленген тарифтік табыс шегінде шығыстарын дербес бөледі және оңтайландырады;

- табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны бекіту және орындау, нормативтік санды, шикізат пен материал шығысының нормаларын бекітуге байланысты міндеттерін және басқа да бірқатар шектеулерін алып тастау.

(№ 7 слайд) Энергия сақтау жұмысының аясында және нормативтік техникалық шығындарды бекітуге арналған 438 өтінімді қарау нәтижесінде 203 субъектінің шығындары төмендетілді. Бұрынғы деңгейде 165 субъект бойынша шығын бекітілді.

(№ 8, 9 слайд) Электр, жылу желілерінде және сумен жабдықтау желілерінде нормативтік шығындар деңгейін жыл сайын төмендету

нәтижесінде 2011 жылы үнем нормативтік техникалық шығындар бойынша -1,6 млрд. теңгені, нормативтен артық техникалық шығындар 441 млн. теңгені құрады.

Біз мұны субъектілердің нормативтен артық шығындарды жою іс-шаралары жоспарын әзірлеу мен орындау міндетін заңнамалық деңгейде бекіту арқасында жүзеге асырдық. Субъектілерде аталған жоспарлар мен инвестициялық бағдарламалар болмаса, олардың тарифтер бекітуге арналған өтінімдері қабылданбайды және қаралмайды.

(№ 10 слайд) Агенттіктің энергия сақтау бойынша басым және іске асырып отырған келесі іс-шарасы **электр энергиясы мен суды үнемдеп**

тұтыну міндетін шешу болып табылады. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін сараланған тарифтер енгізілді. Электр энергиясына сараланған тарифтерді қолдану нәтижесінде үнем тәулік зоналары бойынша орташа есеппен 2,5 млрд. теңгеге, тұтыну көлемі бойынша 1 млрд. теңгеге жуық болды.

Сөйтіп, елде электр энергиясы шамамен 421 млн. кВт/сағатқа үнемделді; отын – 105 мың тоннаға жуық көмір үнемделді (1700 вагон); ластаушы заттардың шығарылуы азайды (46 мың тоннаға жуық күл); тұтынушылардың қаражаты 3 млрд. теңгеден астам сомада үнемделді.

Халықаралық тәжірибені, 2 деңгейлі саралауды қолдану тиімділігін зерделеу нәтижесінде, сондай-ақ электр энергиясын шамалы тұтынатын халықтың әлсіз тобынан ауыртпалықты алып тастау үшін ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап электр энергиясына тұтыну шамасы бойынша тарифтер саралаудың үшінші деңгейі енгізілді.

Үш деңгейлі тарифтердің мәні қазіргі тұтыну шамасына қосымша тағы бір деңгейді белгілеуден тұрады, мысалы айына бір адамға 150-170 кВт/сағ. Әрбір өңірде әкімдіктерді, ғалымдар мен жұртшылықты тарта отырып, тұтыну ерекшелігі назарға алынып, осындай тұтыну шамасы анықталды.

Нәтижесінде тұтынушылардың электр энергиясын үнемдемейтін және энергияны жоғары дәрежеде қолданатын шамалы үлесі (10-15%) белгіленген көлемді асырғаны үшін аса жоғары тарифпен ақы төлейді.

(№ 11 слайд) Су бойынша сараланған тарифтер тұтынушылар топтары бойынша барлық өңірде және тұтыну көлеміне қарай 7 өңірде енгізілді.

Сараланған тарифтерді енгізу нәтижесінде су арналары табыстарын 9,8 млрд. теңгеге арттырды. Судың үнемделуі 15%-ға дейін жетті. Бұл 26 млн.м3 немесе шамамен 2 млрд. теңгені құрады. Болашақта 2012-2013 жылдары тарифтерді 2 деңгеймен

саралауды енгізу және кезең-кезеңмен 3 деңгейлі саралауға өту жоспарланып отыр.

Жылу энергиясы бойынша. Өткен жылы Парламент депутаттары «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңды қабылдады. Осы Заңда Агенттіктің жылу энергиясын есептеу құралдарының болуына немесе болмауына қарай сараланған тарифтерді енгізу бастамасы қолдау тапты.

Нәтижесінде, жаңа жылыту маусымынан бастап жылу энергиясын есептеу құралдары бар тұтынушылар тұтынылған жылу үшін барынша төменгі тарифпен ақы төлейтін болады.

(№ 12 слайд) Көлік саласындағы реттелетін қызметтердің ағымдағы жағдайы.

Теміржол көлігі саласындағы тозу деңгейін төмендету мақсатында Агенттік Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп жыл сайын инвестициялық бағдарлама бекітеді, бұл 2008-2011 жылдары кезеңінде 405 млрд. теңге мөлшерінде инвестициялық бағдарламаны іске асыруға мүмкіндік берді.

Агенттік 2012 жылғы 1 сәуірден бастап жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау тарифтерін 15%-ға, оның ішінде магистральды теміржол желісі қызметтерінің тарифтерін 9,6%-ға көтеруді келісті. Осының бәрі 625 км жолдың үстіңгі құрылысын

жаңғыртуды, 141 локомотивті сатып алу мен жаңғыртуды және 47 локомотивті күрделі жөндеуді, 14737 вагон сатып алуды және 1016 вагонды жөндеуді қамтамасыз етеді.

Жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдау бағаларының көтерілуіне қатысты республикалық бюджеттік комиссияның шешіміне сәйкес жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдау тарифтерін жыл сайын 10%-ға көтеру қаралғанын айта кету керек.

(№ 13 слайд) Авиациялық көлік саласына қосымша көлемдерді тарту мақсатында транзиттік ұшуларға қызмет көрсетуге байланысты әуежай қызметтері мен транзиттік және халықаралық

рейстерге аэронавигациялық қызметтер реттелуден шығарылды.

2012 жылғы 1 сәуірден бастап «Эйр Астана» акционерлік қоғамының жолаушыларды тұрақты (ішкі) рейстерде тасымалдау бағасы 16 %-ға өсті. Авиабилеттер бағасының өсуіне 2012 жылы авиациялық отын бағасының өсуі себеп болды.

(№ 14 слайд) Мемлекет басшысы мен Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес Агенттік міндеттерінің бірі инфляцияның өсуіне жол бермеу шараларын қабылдау болып табылады. Реттелетін қызметтердің инфляцияға үлесін Үкімет жыл сайын белгілейді.

2011 жылы тарифтерді өзгерту туралы қабылданған барлық шешімдер инфляцияға жиынтық үлесті 0,77% деңгейінде қамтамасыз етті. Жылдық шекті мәні 1,58% болған.

Осылайша табиғи монолопиялар субъектілері мен доминанттар тарифтерінің динамикасы жалпы алғанда шекті деңгейден аспайды.

(№ 15 слайд) Заңнаманың сақталуын және тұтынушылар құқықтарының бұзылуын болдырмауды бақылау кезінде Агенттік заңнаманың бұзушылығын жою туралы 695 нұсқама енгізді. 344 сот талқылауы кезінде әкімшілік жаза қолдану туралы 410 қаулы қабылдады. Республикалық бюджетке заңнаманы бұзғаны үшін

айыппұл санкциялары түрінде 500 млн. теңгеден астам қаражат өндіріп алынды.

(№ 16 слайд) 2011 жылы Агенттік жүргізген бақылау іс-шараларының нәтижесінде және заңнаманы бұзуға жол бергені үшін 166 табиғи монополия субъектісіне 256 өтемдік тариф бекітілді. Тарифтерді төмендетудің жалпы сомасы шамамен 2,8 млрд. теңгені құрады.

Агенттік 2011 жылы ұсынған бастама бойынша бүгінгі күні Бас прокуратурамен бірлесіп бүкіл электр станцияларын инвестициялық міндеттемелерді сақтауы бойынша тексеру басталды.

(№ 17 слайд) Мемлекет басшысының тапсырмасымен Агенттік рұқсат беру тәртібін оңтайландыру жұмысын жүргізді.

Сонымен лицензияланатын түрлер мен кіші түрлер 76%-ға қысқартылды, лицензиаттардың есеп беру талабы алып тасталды. Сондай-ақ Агенттік 2011 жылғы қараша айынан бастап лицензияны электрондық форматта 100% беруді бастады.

(№ 18 слайд) Халықаралық ынтымақтастық аясында Агенттік Энергетиканы реттеу органдарының Өңірлік Қауымдастығының (ЭРРА) іс – шараларына қатысады. Олар Агенттікке салалық реттеуші ретінде оң баға берді.

(№ 19 слайд) Агенттік қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, тұтынушылармен және қоғамдық ұйымдармен тариф белгілеу мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу мақсатында жергілікті жерлерге барып 1432 кездесу және дөңгелек үстел өткізді.

Ағымдағы жылы біздің алдымызда насихат жұмысының барынша кең форматы бойынша осы жұмысты күшейту және кері байланыс орнату міндеті тұр.

(№ 20 слайд) Баяндалғанды ескере отырып, Агенттік Мемлекет басшысы мен Үкімет қойған міндеттерді іске асыру үшін:

- шекті тарифтермен жұмыс істейтін табиғи монополия субъектісінің санын көбейтуге;
- сараланған тарифтерді енгізу арқылы энергия мен суды үнемдеуге;
- нормативтік шығындарды төмендетуге және нормативтен артық шығындарды жоюға, шикізат пен материалдар шығысының нормаларын оңтайландыруға;
- инфляцияға тарифтердің келісілген шекті үлесінің аясында реттелетін қызметтердің тарифтерін бекітуге;
- тарифтік саясатты түсіндіру жұмысын күшейтуге және қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған жұмысты жалғастырады.

Назарларыңызға рахмет!